

Ұсақ қол моторикасын дамытушы ойындар

Тақырыбы: «Қолымыздан бәрі келеді»

Мақсаты: Балалардың өз күшіне сенімін арттыру, бір-біріне көмектесуді үйрету, ұжымда жұмыс жасауға баулу.

Міндеттері:

- Балалардың өзін-өзі бағалауына ықпал ету
- Қарапайым тапсырмаларды орындау арқылы сенімділігін дамыту
- Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу
- Қол моторикасын және ойлау қабілетін дамыту

Барысы:

1. Шаттық шеңбері

Балалар шеңберге тұрады. Тәрбиеші балалармен бірге айтады:

“Біз мықтымыз, біз күштымыз,

Қолымыздан бәрі келеді!”

Балалар бір-біріне күлімдеп, алақан соғады.

2. Тренинг №1 – “Сиқырлы алақан”

Мақсаты: Балалардың өзіне сенімін арттыру.

Қажетті құралдар: Ақ қағаз, түрлі-түсті қарындаштар.

Өткізу барысы:

1. Балалар өз алақандарын қағазға бастырып, суретін салады.

2. Әр саусаққа өздері істей алатын бір істі айтады (мысалы: сурет саламын, ойыншық жинаймын, анама көмектесемін).

3. Тәрбиеші: “Қараңдаршы, біздің қолымыз қандай керемет! Қолымыздан бәрі келеді!” – деп қорытындылайды.

3. Тренинг №2 – “Достық көпірі”

Мақсаты: Ұжымдық жұмысқа үйрету.

Қажетті құралдар: Кубиктер немесе конструктор.

Өткізу барысы:

1. Балалар шағын топтарға бөлінеді.
2. Әр топ кубиктерден “көпір” құрастырады.
3. Соңында барлық топтың көпірлері біріктіріліп, үлкен көпір жасалады.
4. Тәрбиеші: “Бірге істесек – бәрі оңай!” деп түсіндіреді.



Қорытынды: Балалар бүгін өз қолдарынан көп нәрсе келетінін түсінді. Бірге ойнап, тапсырма орындау арқылы достықтың маңызын білді. Өз күшіне сену – табыстың бастауы екені айтылды. Балаларға мақтау айтылып, “Жарайсыңдар!” деп мадақталады.

Педагог психолог: Нұрлыбекова С.Е